

Клирингілік қатысушылар
туралы Қағидаға

2 қосымша

Клирингілік қызмет көрсету туралы

КЕЛІСІМ - ШАРТ

Осы Келісім-шарт, бұдан әрі **"Биржа"** деп аталатын, "Қазақстан қор биржасы" АҚ, және осы Келісім-шартты жасауға өтінім берген және бұдан әрі **"Клирингілік қатысушы"** деп аталатын, Биржа мүшесі арасында жасалған. Осы Келісім-шарттың тараптары бұдан әрі бірге – Тараптар, ал жеке түрде Тарап деп аталады.

Осы Келісім-шарт қосылу келісім-шарты болып табылады. Осы Келісім-шарттың талаптары Биржаның "Қаржы құралдарымен жасалған мәмілелер бойынша клирингілік қызметті жүзеге асыру ережелері" (бұдан әрі – Клиринг ережелері), "Клирингілік қатысушылар туралы қағида" (соның ішінде осы Келісім-шарттың мазмұнын анықтайтын қосымша) ішкі құжаттарында және Биржаның клирингілік қызметіне қатысты басқа ішкі құжаттарында анықталған.

1. КЕЛІСІМ-ШАРТТЫҢ МӘНІ

- 1.1. Осы Келісім-шартқа сәйкес Клирингілік қатысушы тапсырады, ал Биржа Клирингілік қатысушының Биржа сауда-саттық жүйесінде қаржы құралдарымен жасалған мәмілелеріне қатысты клирингілік қызметті Қазақстан Республикасының заңнамасында, Клиринг ережелерінде және Биржаның клирингілік қызметіне байланысты басқа ішкі құжаттарында бекітілген тәртіп пен шарттарға сәйкес жүзеге асыруға міндеттенеді.
- 1.2. Биржа солармен жасалған мәмілелер бойынша клирингілік қызметті жүзеге асыратын, қаржы құралдары Клиринг ережелерінде анықталған.
- 1.3. Осы Келісім-шартта берілген түсініктер мен терминдердің Қазақстан Республикасының заңнамасында және Клиринг ережелерінде бекітілген анықтаулары қолданылады.

2. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

- 2.1. Биржа міндеттенеді:
 - 1) Клирингілік қатысушымен жасалатын қаржы құралдымен мәмілелерге қатысты клирингілік қызметті Клиринг ережелерінде және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарында бекітілген тәртіппен жүзеге асыруға;
 - 2) Клиринг ережелеріне енгізілген өзгертулер және/немесе толықтырулар туралы Клирингілік қатысушыға Клиринг ережелерінде қарастырылған мерзім мен тәртіпке сай мәлімдеуге (оның ішінде Клиринг ережелерін жаңа редакцияда бекіту арқылы);
 - 4) Қазақстан Республикасының заңнамасында және Биржаның ішкі құжаттарында қарастырылған басқа міндеттемелерді орындауға.
- 2.2. Клирингілік қатысушы міндеттенеді:
 - 1) Клиринг ережелерінің, Клирингілік қатысушылар туралы қағиданың және Биржаның клирингілік қызметіне қатысты басқа ішкі құжаттарының талаптарын ұстануға;
 - 2) Клирингілік қатысушы Биржа клирингілік қызмет көрсететін мәмілелер жасау нәтижесінде туындайтын барлық міндеттемелерін, оның ішінде Биржаның пайдасына клирингілік алымдарды төлеу міндетін тиісті түрде орындауға;
 - 3) Биржаның ішкі құжаттарында көрсетілген өз міндеттемелерін орындамаған жағдайда, тұрақсыздық төлемдерін және айыппұлдар төлеуге;

- 4) Биржаның ішкі құжаттарында және Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған басқа міндеттемелерін орындауға.

2.3. Биржа құқылы:

- 1) Клирингілік қатысушы жасаған мәмілелер туралы ақпаратты жинауға, өңдеуге және сақтауға;
- 2) Клиринг ережелеріне бір жақты тәртіппен өзгертулер мен толықтырулар енгізуге (оның ішінде Клиринг ережелерін жаңа редакцияда бекіту арқылы);
- 3) Клиринг ережелерінде және Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған клирингілік шоттар ашуға;
- 4) Клирингілік қатысушының міндеттемелерін, оның ішінде Биржаның пайдасына клирингілік алымдар төлеу бойынша міндеттемелерін Биржаның ішкі құжаттарында бекітілген тәртіппен анықтауға, клиринг қорытындысы бойынша есептер жасауға, Клирингілік қатысушының маржалық жарналарынан клирингілік алымдарды шығынға жазуға;
- 5) өзінің осы Келісім-шартта қарастырылған міндеттемелерін тиісті түрде орындау мақсатында басқа ұйымдармен және мекемелермен өзара қатынасуға;
- 6) Клирингілік қатысушыдан осы Келісім-шарттың шарттарын орындауын талап етуге;
- 7) Клирингілік қатысушы Клиринг ережелерінде және Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған міндеттемелерін орындамаған жағдайда, бір жақты тәртіппен осы Келісім-шартты орындаудан бас тартуға;
- 8) осы Келісім-шартта, Клиринг ережелерінде және Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған басқа құқықтарын жүзеге асыруға.

2.4. Клирингілік қатысушы құқылы:

- 1) Биржаға Клиринг ережелеріне сәйкес есептер беру туралы сұрау салуға;
- 2) Биржада жасалған мәмілелер бойынша орындалмаған міндеттемелері жоқ болса және Клиринг ережелерінде қарастырылған талаптар орындалса, бір жақты тәртіппен осы Келісім-шартты орындаудан бас тартуға;
- 3) осы Келісім-шартта, Клиринг ережелерінде және Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған басқа құқықтарын жүзеге асыруға.

3. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

- 3.1. Осы Келісім-шарт бойынша міндеттемелерін орындамауы немесе тиісті түрде орындамауы үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына, Клиринг ережелеріне және Биржаның клирингілік қызметіне байланысты басқа ішкі құжаттарына сәйкес Клирингілік қатысушы мүліктік жауапкершілікке тартылады.
- 3.2. Биржа Клирингілік қатысушының қаржы құралдарымен жасаған мәмілелерінің ішінде орталық қарсыагент қызметтерін атқаратын мәмілелер бойынша ғана жауапты болады. Осы ретте Биржаның жауапкершілігі Клиринг ережелерінде бекітілген шектеуді ескере отырып, қалыптастырылған клирингілік резервтік қормен ғана шектеледі.
- 3.3. Тараптар еңсерілмейтін күштің туындауы салдарынан осы Келісім-шарт бойынша міндеттемелерін ішінара немесе толық орындамаған жағдайда, олар осындай оқиғалардың әрекет ету мерзімі ішінде осындай орындамау үшін жауапкершіліктен босатылады. Егер еңсерілмейтін күштің әрекеті ету мерзімі 30 күннен асатын болса, Тараптар осы Келісім-шартты бұзуға құқылы болады.
- 3.4. Төмендегілер еңсерілмейтін күш жағдайына жатады:
 - 1) табиғи апаттар, жер сілкінісі, су тасқыны, сел, өрт және басқа стихиялық апаттар;
 - 2) соғыс, кез келген сипаттағы әскери әрекеттер, қоршау, лаңкестік актілер, революциялар, халықтың толқуы, көтерілістер, локауттар, жол іркілісі;

- 3) мемлекеттік органдар бекіткен эмбарго, тыйым салулар мен шектеулер, заңды оқшаулаулар немесе Қазақстан Республикасының және одан да басқа мемлекеттердің заңнамасының, уәкілетті мемлекеттік органдары шешімдерінің өзгеруі;
 - 4) Биржаның немесе бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығы инфрақұрылымының басқа байланысты субъектілерінің, валюта нарығының, деривативтер нарығының және биржалық нарықтың басқа секторларының бағдарлама-техникалық құралдарының бұзылуы;
 - 5) қызмет көрсетуші банктер қызметінің уақытша тоқтауы немесе толық тоқтауы, сондай-ақ, Биржаның және Клирингілік қатысушының міндеттемелерін орындауына кедергі болатын басқа оқиғалар.
- 3.5. Қазақстан Республикасы Сауда-өнеркәсіп палатасының немесе тиісінше мемлекеттің басқа құзыретті органының (ұйымының) куәлігі осы Келісім-шарттың 3.4 тармағының 1)-3) тармақшаларында көрсетілген еңсерілмейтін күш жағдайларының туындауы фактісін және олардың әрекетінің ұзақтығын растайтын құжат болып табылады.
- 3.6. Биржаның бірінші басшысы қолын қойған анықтама немесе Биржаның тиісінше тұжырымы осы Келісім-шарттың 3.4 тармағының 4) тармағында көрсетілген еңсерілмейтін күш жағдайларының туындауы фактісін және олардың әрекетінің ұзақтығын растайтын құжат болып табылады.
Биржа анықтаманы осы Келісім-шарттың 3.4 тармағының 4) тармақшасында көрсетілген оқиға туындаған сәттен бастап жеті жұмыс күні ішінде тапсыруы тиіс.
- 3.7. Клирингілік қатысушы еңсерілмейтін күш жағдайының туындауы, оның болжалды әрекет ету мерзімі және тоқтауы туралы Биржаға дереу арада хабарлауға міндетті.
- 3.8. Екінші Тараптың өз міндеттемелерін орындамауы себебінен осы Келісім-шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған немесе адал орындамаған Тарап жауапкершілікке тартылмайды.
- 3.9. Тараптың Клиринг ережелерінде және Клирингілік қатысушылар туралы қағидада қарастырылған айыппұлдарды төлеуі, оны осы Келісім-шарт бойынша өзіне жүктеген міндеттемелерін орындаудан босатпайды.

4. ҚҰПИЯ АҚПАРАТ

- 4.1. Клирингілік қатысушы Биржаға клирингілік қатысушы мәртебесін беру туралы өтінім жасай отырып, Биржаға Клирингілік қатысушының коммерциялық құпиясы және басқа да қорғаулы ақпараты болуы мүмкін ақпаратты (бұдан әрі – Құпия ақпарат) Қазақстан Республикасы заңнамасының және Биржаның ішкі құжаттарының талаптарына сәйкес ашуына қайтарып алынбайтын және сөзсіз келісімін береді.
Клирингілік қатысушы осындай келісім беруіне байланысты осы Келісім-шартқа қосылу кезінде және келешекте Биржаға наразылықтары, сондай-ақ, мүлктік наразылықтары жоқ екенін және болмайтынын растайды және кепілдік береді, сонымен бірге Биржа Құпия ақпаратты Қазақстан Республикасы заңнамасының және Биржаның ішкі құжаттарының талаптарына сәйкес ашқаны үшін оның алдында ешқандай жауапкершілікте болмайтынымен келіседі.

5. МӘЛІМДЕМЕЛЕР

- 5.1. Осы Келісім-шартта қарастырылған барлық мәлімдемелер мен басқа хабарламалар жазбаша нысанда құрылып, осы Келісім-шарттың Тарабы орналасқан мекен-жай бойынша немесе факс бойынша жеткізілуі тиіс.
Факс бойынша жеткізілген кез келген мәлімдеме немесе басқа хабарлама факс бойынша жеткізілген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде осы Келісім-шарттың Тарабы орналасқан мекен-жай бойынша осы мәлімдеменің немесе хабарламаның түпнұсқасын жеткізу арқылы расталуы тиіс.
- 5.2. Осы Келісім-шарттың Тарабы орналасқан мекен-жай бойынша немесе факс бойынша жеткізілген кез келген мәлімдеме немесе басқа хабарлама барлық жағдайларда оны адресатқа жеткізген күннен кейінгі бірінші жұмыс күнінде тиісті түрде берілген, жөнелтілген, алынған немесе жеткізілген деп есептеледі.

Жазбаша нысанда жеткізілген мәлімдеме немесе басқа хабарлама жеткізу туралы түбіртекпен және хат тасушының қолтаңбасымен, ал факс бойынша жеткізілім – жөнелтуді растаумен расталу тиіс.

6. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ

- 6.1. Клирингілік қатысушы Биржаның сауда-саттық жүйесінде қаржы құралдарымен жасаған мәмілелері бойынша Биржаның клирингілік қызмет көрсетуіне байланысты, сонымен қатар Клирингілік қатысушылардың міндеттемелерін анықтау мен орындауға қатысты және осы Келісім-шартты жасауға байланысты Биржа мен Клирингілік қатысушы арасында туындайтын даулар мен келіспеушіліктер келіссөздер жүргізу арқылы шешуге жатады.
- 6.2. Егер Тараптар өзара келісімге келмесе, олар келіспеушіліктері мен дауларын Қазақстан Республикасының заңнамасына сай шешеді.

7. КЕЛІСІМ-ШАРТТЫҢ ӘРЕКЕТ ЕТУ МЕРЗІМІ

- 7.1. Осы Келісім-шарт Биржаның Басқармасы клирингілік қатысушы мәртебесін беру туралы шешім қабылдаған күннен бастап күшіне енеді.
- 7.2. Осы Келісім-шарт Биржаның Басқармасы клирингілік қатысушы мәртебесінен айыру туралы шешім қабылдаған күннен бастап бұзылды деп есептеледі.
- 7.3. Осы Келісім-шарттың әрекет ету мерзімінің аяқталуы Тарапты осы Келісім-шарттың әрекет етуі тоқтағанға дейін туындаған міндеттемелерін орындаудан босатпайды.

8. ҚОРЫТЫНДЫ ҚАҒИДАЛАР

- 8.1. Биржа келісім-шарттың талаптарын, сондай-ақ, оған болашақта енгізілетін өзгертулерді және/немесе толықтыруларды өздігінен анықтайды және Клирингілік қатысушы оларды жалпы Келісім-шартқа қосу арқылы қабылдауы мүмкін.
- 8.2. Клирингілік қатысушыны Келісім-шартқа қосу клирингілік қатысушы мәртебесін беру туралы жазбаша өтінімнің негізінде Клирингілік қатысушылар туралы қағидаға сәйкес жүзеге асырылады.
- 8.3. Биржа Қазақстан Республикасының заңнамасында бекітілген тәртіппен осы Келісім-шартқа өзгертулер және/толықтырулар енгізуге құқылы, және де ол осындай өзгертулерді және/немесе толықтыруларды Биржаның интернет-ресурсына міндетті түрде орналастыруы тиіс.
- 8.4. Тараптардың осы Келісім-шарт бойынша құқықтары мен міндеттері үшінші тұлғаларға берілмейді.
- 8.5. Осы Келісім-шарт материалдық құқықпен және Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.
- 8.6. Осы Келісім-шарт Қазақстан Республикасының заңнамасына және Биржаның клирингілік қызметіне қатысты ішкі құжаттарына сәйкес жасалған. Осы құжат жүзінде Клирингілік қатысушы Биржаның www.kase.kz интернет-ресурсында орналасқан барлық ішкі құжаттарымен танысқанын және оның ішкі құжаттарының барлық қағидаларының, шарттарының және талаптарының мәнін түсінгенін растайды, сонымен бірге Биржаның жоғарыда аталған барлық ішкі құжаттарымен және олардың қағидаларымен, шарттарымен және талаптарымен келіседі.